

Қамқоршылық кеңес отырысының 2021 жыл бойынша

№ 1 хаттамасы

Өткізілген күні: 30.08.2021 ж

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. 2022 жыл бойынша мектеп бюджеттің атқарылуы туралы есеп - мектеп директоры Р.Т.Қуатбекова
2. 2021-2022 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын және Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Р.Т.Қуатбекова
3. Жаңа оқу жылында заманауи кабинеттер мен мектеп аймақтарын таныстыру – Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Орынбаева Т
4. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы және қолдану мүмкіндіктері - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлсенова М
5. «Керемет» бастауыш мектеп - балабақша кешенінің «Ішкі тәртіп ережесі» және құжатқа енгізілетін өзгерістер туралы ұсыныстармен таныстыру - Қамқоршылық кеңес хатшысы Орынбаева Т

1. Кіріспе: «Керемет» бастауыш мектеп балабақша кешенінің Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Р.Т.Қуатбекова сөз алып, отырысқа қатысушы кеңес үшелеріне алғыс білдірді және күн тәртібімен таныстырды.

2. Тыңдалды: бірінші сұрақ бойынша «Керемет» бастауыш мектеп- балабақша кешенінің Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Р.Т.Қуатбекова « 2021 жыл бойынша бюджеттің атқарылуы туралы» есеп берді. Онда мектептің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында, мектеп ғимараты бойынша қызметкерлерге, жалпы міндетті оқу қорына, басқа да қызметтерге, құралды сатып алу, заманауи кабинеттер жасақтауға және т.б. жұмсалған мектеп бюджеті туралы түсінікті және ашық ақпарат ұсынылды. Алдағы 2022 жылдың бюджетімен және қаражатты бөлу кестесімен таныстыра кетті.

Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңестің 2021-2022 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары таныстырып, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері бөлінді. Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізуге, оқу тәрбие үдерісін сапасын арттыруға қолдау жасауға, мектепшілік түрлі шаралардың, байқау және жарыстардың т.б. мерекелік шаралардың сапалы өтуіне қолдау жасауға, демеушілер тарту, ата-аналарға педагогикалық жаппай оқыту ұйымдастыру, оқушылар арасында салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізуге, мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізуге ат салысуға, 4-сынып оқушыларының мектеп бітіру шараларын ұйымдастыруға көмек көрсетуге, жазғы демалыс кезінде оқушылардың жазғы сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруды бақылауға байланысты жоспарлармен таныстыра отырып, осы шараларды жүзеге асыруда кеңес мүшелеріне жауапкершілік жүзгелді. Сондай -ақ, мектептің оқу тәрбие процесіне орай өткізілетін барлық мерекелік шараларға үнемі қатысып отыру барлық кеңес мүшелеріне жүктелді.

3.Тыңдалды: отырыстың үшінші мәселесі аясында Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Орынбаева Т кеңес мүшелерін мектептің жазғы жөндеу жұмыстарымен және заманауи жабдықталған кабинеттерімен таныстырды.

4.Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әленова М. Қ.Р «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен таныстырды.Қазіргі таңда мектеп оқушылары мен ата- аналарының тарапынан қарапайым мұғалім мен сынып жетекшінің жеке басына , қызметіне байланысты дәлелді - дәлелсіз шағым түсулеріне байланысты мұғалімнің жұмысына кедергі туындататыны туралы айта келіп, мектептің Ішкі тәртіп ережесін бірнеше өзгерістер енген туралы ұсыныстарын білдірді.

- Қ Р «Педагог мәртебесі туралы» Заңы негізінде педагог білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата -анасы немесе өзгеде заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез -құлық көрсетілуіне құқылы.
- Білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата анасы немесе өзгеде заңды өкілдері тарапынан педагогтың ар- намысы мен қадір қасиетіне , құрмет көрсетілуіне құқығы қарастырылады

5.Тыңдалды: екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әленова М жауап берді

- Мектеп формасына қойылатын талапқа киім немесе аксессуарда жаракат алуда мүмкіншілігі бар киім жатқызылмайды.
- Әшекей бұйым тағу ұсынылмайды (ерекше назар аударылатын көлемі үлкен сырғалар, түйреуіштер ,мұрынға салатын сырғалар, персиктер)
- Білім беру ұйымдағы оқушының сыртқы келбетін қарастыру мақсатында оқушының шаш қою үлгісі классикалық түрде шаштың түсі табиғи (немесе табиғи түске жақын) түрде болуы керек.

Сөйлегендер:

1. Қамқоршы кеңес төрағасы Р.Т.Қуатбекова өзінің мектептегі «Құқықбұзушылықтың алдын алу» отырысына қатысқанын және мектеп ережесін сақтаудан бас тартатын ата аналар мен оқушылардың бар екендігін айта келіп, оқушы үшін де , мұғалім үшін де ата ана үшін де қандай да бір ортақ тәртіп болу қажеттілігі туралы пікір білдірді. Сондай -ақ «Ата анамен келісімшарт» құжатында Ішкі тәртіп ережесін сақтау жауапкершілігі туралы бөлім болу қажеттілігі ескертті.
2. Жадилова Г - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Қазіргі таңдағы бала тәрбиесіне қатысты өз пікірін білдіре отырып , өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды қолданатынын жеткізді.

Қаулы етті:

1. Оқу жылы бойында Қамқоршылық кеңесі отырысын тұрақты түрде өткізіп тұру.
2. Демеушілер тарту арқылы мектепте аз қамтылған, жетім, көп балалы отбасыларына қосымша көмектер ұйымдастыру.
3. Қамқоршылық кеңесі мүшелеріне жоспар бойынша жүктелген міндеттерін жауапкершілікпен атқару.
4. Кеңес мүшелерінің барлық проблемалық мәселелер бойынша іс- шараларға міндетті қатысуы.
5. «Педагог білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата- анасы немесе өзгеде заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауына және тиісінше мінез құлық көрсетілуіне , педагогтың ар - намысы мен қадір- қасиетіне құрм т көрсетілуі» туралы сөйлемдер

«Керемет» бастауыш мектеп- балабақша кешенінің «Ішкі тәртіп ережесінің» мұғалім құқығы тарауына енгізілді.

6. Мектеп оқушыларын: өзіндік имиджін және этикетін қалыптастыру мақсатында киім немесе аксессуарда жарақат алуға мүмкіншілігі бар әшекей бұйымдарды (ерекше назарға аударатын көлемі үлкен сырғалар) тыйым салынды.

Төраға:

Хатшы:



Д. М. Қуайбеков

1. P. III. Кузнецова *Кузнец*
2. А. Тимурзаева *Тимурзаев*
3. М. Лунова *Лунов*
4. И. Берис *Берис*
5. Магумба Т *Магумба*
6. Ормубалба Т *Ормубалба*
7. Сейганова А *Сейганов*
8. Мамаева С. К. *Мамаев*
9. Мухоморова А. *Мухоморова*
10. Исмаилова Т *Исмаилов*
11. Курбанович А. К. *Курбанович*
12. Тугар Паруза *Тугар Паруза*
13. Ермусова М *Ермусов*
14. Моргачева Д *Моргачев*
- 15.